



CENTER FOR  
ANALYTICAL  
RESEARCH &  
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ  
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И  
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF  
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL  
SECURITY»**

**АСТАНА 2023**

**УДК 657(069)**  
**ББК 65.052.21**  
**С 23**

**С** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

**ISBN 978-601-337-851-0**

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-851-0**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА СЫРТҚЫ САПАНЫ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ

*Утебаева А.Т., Рымбекова А.К., Асан Н.Қ.*

«Мемлекеттік аудит» БББ 2 курс студенттері

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: [aruzhan0907@mail.ru](mailto:aruzhan0907@mail.ru); [ayazhan.rymbekova@bk.ru](mailto:ayazhan.rymbekova@bk.ru); [asan.nurgeldi@mail.ru](mailto:asan.nurgeldi@mail.ru)

**Ғылыми жетекші: Алибекова Б.А.,**

э.ғ.к., доцент, Мемлекеттік аудит кафедрасының профессоры

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

**Аннотация.** Аудиторлық қызметтің сапасын бақылау- аудиторлардың жұмысының сапалы, заңнама мен стандарттарға сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. Мақалада аудиторлық қызметтің сапасын сыртқы бақылаудың сипаты, Қазақстан Республикасындағы оның тәжірибесі сипатталған. Атап айтқанда, Кәсіби аудиторлық ұйым жүргізген сыртқы сапа бақылауының жұмыстары қарастырылып, олардың нәтижелеріне талдау жасалды. Сыртқы бақылаудың тиімді жүйесін құру аудит сапасын, осы жүйелердің ашықтығын, ақпараттылығы мен сенімділігін арттыруға, ақпараттың дұрыс еместігі туралы тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде аудиторлық қызметтер нарығы мен аудиторлық қызмет субъектілерінің неғұрлым орнықты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Сапаны сыртқы бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін жүргізілетін аудит пен аудитке ілеспе қызметтердің проблемалары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік беретін егжей-тегжейлі рәсімдер қажет ұсынылған.

**Түйін сөздер:** аудиторлық қызмет, сапаны сыртқы бақылау, Кәсіби аудиторлық ұйым, Халықаралық Аудит Стандарттары, Сапаны Бақылаудың Халықаралық Стандарттары

**Аннотация.** Контроль качества аудиторской деятельности является важным элементом обеспечения качества работы аудиторов, в соответствии с законодательством и стандартами. В статье рассмотрены особенности внешнего контроля качества аудиторской деятельности в Республике Казахстан. В частности, рассмотрены работы внешнего контроля качества, проводимые профессиональной аудиторской организацией, проведен анализ их результатов. Создание эффективной системы внешнего контроля позволит повысить качество аудита, прозрачность, информативность и надежность этих систем, снизить риски о недостоверности информации, что в конечном итоге обеспечит более устойчивое развитие и функционирование рынка аудиторских услуг и субъектов аудиторской деятельности. Для эффективного осуществления внешнего

контроля качества предложены детальные процедуры, позволяющие выявить проблемы и недостатки сопутствующих аудиту и аудиту услуг.

**Ключевые слова:** аудиторская деятельность, внешний контроль качества, профессиональная аудиторская организация, международные стандарты аудита, международные стандарты контроля качества

**Abstract.** Quality control of audit activities is an important element in ensuring the quality of the work of auditors, in accordance with the law and standards. The article considers the features of external quality control of audit activities in the Republic of Kazakhstan. In particular, the work of external quality control carried out by a professional audit organization was considered, and an analysis of their results was carried out. The creation of an effective external control system will improve the quality of the audit, transparency, informativeness and reliability of these systems, reduce the risks of unreliable information, which will ultimately ensure a more sustainable development and functioning of the audit services market and audit entities. For the effective implementation of external quality control, detailed procedures are proposed to identify problems and shortcomings in audit and audit-related services.

**Key words:** audit activity, external quality control, professional audit organization, international auditing standards, international quality control standards

**Кіріспе.** Аудиторлық қызметтердің сапасын бақылау - аудиторлардың жұмыс сапасын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. Айта кету керек, аудиторлық қызметті заңнамалық және кәсіби реттеу жүйесін қалыптастыру және одан әрі жетілдіру процесінде аудит сапасы мәселелеріне үлкен мән беріле бастады және осы орайда аудиторлық ұйымдардың қызметіне бақылауды дұрыс әрі сапалы жүргізудің өзектілігі зор. Себебі, аудиторлық қызметтердің және аудиторлық қорытындының сапасы аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесінің тікелей нәтижесі болып табылады. Аудиттегі сапа, мысалы, бәсекелестік артықшылықтар, қаржылық қызмет көрсеткіштері, аудиторлық қызметтер нарығындағы жұмыс ұзақтығы, аудиторлардың тәжірибесі мен біліктілігі, клиенттер саны, компанияның мөлшері сияқты позицияларды ескеретін аудиторлық фирманың рейтингімен анықталады.

Бұл жұмыстың мақсаты - Қазақстан Республикасындағы аудит сапасын сыртқы бақылау жүйесінің ерекшеліктерін анықтау. Жұмыстың міндеттері келесідей: аудит сапасын бақылаудың теориялық негіздерін зерделеу; аудит сапасын сыртқы бақылаудың жүзеге асырылуын нақты кәсіби ұйым мысалында талдау және ерекшеліктерін анықтау; ҚР сапаны сыртқы бақылау жүйесін жетілдіру жолдарын ұсыну.

**Талқылау.** ҚР «Аудиторлық қызмет жөніндегі» заңының 19-бабына сәйкес аудит сапасын бақылау екі деңгейде жүзеге асырылады: сыртқы және ішкі. Сапаны бақылау аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарының, Әдеп кодексінің және Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасының талаптарын сақтауына бағытталған және ол тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады.[1]

Аудиторлық фирма деңгейінде аудит сапасын қамтамасыз етумен байланысты стандарттарды және тәжірибелік ұсыныстарды дайындаумен халықаралық аудит стандарттары және сенімділік бойынша ХБФ Кеңесі (ХАССК) айналысады. Осы қызмет аясында ХБФ ХАССК келесі құжаттарды қабылдады:

– Сапаны бақылаудың халықаралық стандарты (СБХС) 1 фирманың қаржылық есептілікті аудиттеу мен шолу, және басқа да сенімділік орнату мен ілеспе қызметтер бойынша келісімдеріне арналған сапаны бақылау жүйесі бойынша жауапкершілгін қарастырады. Бұл СБХС-ына сәйкес келу үшін жеке фирмамен әзірленген саясаттар мен рәсімдер табиғаты мен ауқымы фирманың көлемі мен қызмет жасау сипаттамалары, және де желі бөлігі болып табылуы секілді әр түрлі ықпалдарға тәуелді болады;

– Халықаралық аудит стандарты (ХАС) 220 қаржылық есептілік аудитінің сапасын бақылау шараларына қатысы бар аудитордың жауапкершіліктері туралы мәлімдейді. Сондай-ақ керек болғанда келісім сапаны бақылау тексерушісінің жауапкершілігін анықтайды [2].

Аудиторлық ұйым осы аудиторлық ұйым мен оның қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына, аудиторлық қызметтің ережелеріне (стандарттарына), аудиторлық қызметтің ішкі ережелеріне (стандарттарына) сәйкес аудит жүргізетініне және аудитке ілеспе қызметтер көрсететініне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін қызметтердің (тапсырмалардың) сапасын бақылау жүйесін құруы керек.

Сыртқы сапаны бақылау – аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарын, Әдеп кодексін және Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасының талаптарын сақталуына арналған сапаны бақылау және кәсіби кеңестің сапасын сыртқы бақылау объектілеріне қатысты сапаны бақылау комитеті және кәсіби ұйымдар кәсіби кеңестің сапасын сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға қатысты жүзеге асыратын тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады [3]. Сапаны сыртқы бақылаудың мақсаты - аудит бойынша қызметтер сапасын тұрақты арттыру және қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. Аудитор жұмысының сапасын сыртқы бақылаудың объектілері – аудиторлық ұйымның ішкі стандарттар жүйесі, аудиторлық ұйым жұмысының сапасын ішкі бақылау жүйесі және жеке аудиторлық тексерулер болып табылады. Жұмыс тобының мүшелері қажетті кәсіби құзыреттілікке ие болулары тиіс, яғни сәйкес білімі, жұмыс тәжірибесі және арнайы дайындығы болуы қажет. Кәсіби құзыреттілік түсінігі келесілерді қамтиды:

- кәсіби стандарттарды, заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарын білу;
- кәсіби бірлестіктің сапа тексерісіне қатысты ұсыныстарын түсіну;
- аудиторлық тексерулер мен сапа тексерулерін жүргізудің практикалық дағдысының болуы;
- ақпараттық технологияларды қоса алғандағы техникалық білімдердің болуы;

– салалық ерекшеліктерді білу;  
 – кәсіби пікір білдіру қабілетінің болуы. Жұмыс тобының мүшелерінде кәсіби бірлестік атынан олардың өкілеттілігін растаушы құжаттары болуы қажет. Сапа тексерістері бойынша топқа мамандардың саны қажетінше кіруі қажет.

Аудиторлық ұйымдар жұмысының сапасын сыртқы бақылау Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес пен аудиторлық ұйымдарды біріктіретін коммерциялық емес кәсіби ұйымдарға жүктелген. Осындай кәсіби ұйымдардың бірі 2012 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған «Қазақстан Аудиторлар одағы». Бұл кәсіби аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасындағы ең ірі кәсіби ұйымдардың бірі болып табылады. «Қазақстан аудиторлар одағы» КАҰ мақсаттары: Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызметті дамыту, жетілдіру және біріздендіруге жәрдемдесу, аудиторлық қызметкерлердің кәсіби әлеуетін арттыру, ұйым мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау. Осы ұйым сапа бақылауын "Аудиторлық қызмет туралы" ҚР Заңына, "Аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізудің үлгілік қағидаларын, оның ішінде аудиторлық және кәсіптік ұйымдарды тексеру өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 574 бұйрығына, Халықаралық Аудит Стандарттарына, Әдеп Кодексіне және № 1 Халықаралық Сапа Стандартына сәйкес жүргізеді [4]. Қазақстан Аудиторлар Одағы КАҰ-ның сапа бақылауын атқару кезеңдері жинақталып, төмендегі 1-кестеде көрсетілген.


1-кесте

Сапаны сыртқы бақылауды ұйымдастыру және жүргізу кезеңдері

Кезең	Міндеті	Орындалатын жұмыстар
1 кезең	Аудиторлық ұйымдар туралы жалпы мәліметтерді жинау (Атқарушы дирекция және Комитет)	1) аудиторлар Одағының қауымдасқан мүшелерінің аудиторлар одағының комитеті бекіткен нысан бойынша сауалнаманы (декларацияны) ұсынуы; 2) аудиторлар Одағының қауымдастырылған мүшелерінен қажетті ақпаратты сұрату
2 кезең	Аудиторлық ұйымдардың қызметін талдау (Комитет)	Алдыңғы тексерулердің, хаттардың, шағымдардың өтініштердің нәтижелерін талқылау, өткен кезеңді зерделеу және бағалау
3 кезең	Әрбір аудиторлық ұйым (Комитет) бойынша тексеруді тағайындау	1) Тексеру түрін анықтау (жоспарлы, жоспардан тыс, кеңейтілген) 2) контроллерлерді іріктеу, жұмыс тобын құру; 3) жұмыс тобымен келісу, аудиторлық ұйымды хабардар ету; 4) тексеру тәуекелін бағалау және аудиторлық тапсырманы іріктеу
4 кезең	Іріктелген материалдарды тексеру және зерделеу (жұмыс тобы)	1) жұмыс тобының құрамына кіретін контроллерлердің сауалнама парақтарын толтыруы; 2) аудиторлық ұйымның жұмыс сапасын бақылауды ұйымдастыруды бағалау

5 кезең	1) Аудиторлық ұйыммен аудит нәтижелерін талқылау  2) Тексеру нәтижелерін талқылау, сапаны сыртқы бақылау инспекциясының нәтижелерін бекіту	Бақылаушылардың тексеру нәтижелері туралы хаттаманы жасауы және оған Жұмыс тобына енгізілген барлық тұлғалардың қол қоюы. Аудиторлық ұйымды есеппен таныстыру және жұмыс нәтижелерін, талқылау үшін аудиторлық ұйым өкілдерімен кездесу өткізу 1) Комитетке нәтижелер туралы есеп беру; 2) Комитет отырысында әрбір аудиторлық ұйым бойынша тексеру нәтижелерін талқылау және бекіту және тиісті рейтингті беру; 3) Аудиторлар одағының Кеңесін тексеру нәтижелері туралы хабардар ету. Аудиторлық ұйым «3» және «2» деген бағалармен келіспеген жағдайда, осы рейтингтерді бекіту туралы мәселе Қазақстан Аудиторлар одағы Кеңесінің қарауына шығарылады.
6 кезең	Комитеттің жыл ішіндегі сапаны бақылау нәтижелері бойынша жиі кездесетін бұзушылықтарды жалпылауы (аудиторлық ұйымның атауын көрсетпей)	1) Комитеттің жыл ішінде атқарылған барлық іс-шаралар туралы жыл сайынғы есепті дайындауы және оны Аудиторлар одағының кеңесіне бекітуге ұсынуы; 2) Бақылау нәтижелері бойынша жалпы жылдық шолуларды дайындау.
<b>Ескерту:</b> "Қазақстан Аудиторлар Одағы" Кәсіби Аудиторлық Ұйымның мәліметтері негізінде авторлармен құрылды [4]		

Жоғарыда аталған іс-шараларды дұрыс әрі тиімді жүзеге асыру үшін сапаны сыртқы бақылауды жүргізудің арнайы бағдарламасы әзірленеді.



1-Сурет. Сапаны сыртқы бақылау бағдарламасының бағытталуы

Сыртқы сапаны бақылау бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- 1) лицензиялық нормалар мен қағидалардың сақталуын тексеру;
- 2) ҚЕХС және ХАС сақталуын бағалау;
- 3) аудит сапасын бақылаудың Фирмаішілік жүйесін зерттеу және оның тиімділігі туралы пікір білдіру;

- 4) аудиторлық тексерудің барлық кезеңдерінің іс жүзінде жүзеге асырылуын бағалау;
- 5) кадрларды іріктеу жүйесін және қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламасын бағалау;
- 6) алдыңғы сапа тексерулерінің нәтижелері негізінде қабылданған кемшіліктерді жою жөніндегі шараларды бағалау;
- 7) аудиторлық ұйымдар қызметі сапасының қажетті деңгейін және аудит бойынша орындалатын тапсырмаларды қамтамасыз ететін басқа да факторларды бағалау;
- 8) орындалатын сапаны сырттай тексеру рәсімдерін құжаттамалық ресімдеу;
- 9) сыртқы сапаны тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды мүдделі тұлғаларға жеткізу.

Сыртқы сапаны бақылау бағдарламасында көрсетілген міндеттер мен жұмыстарды атқарғаннан кейін жұмыс тобының басшысы оны жүргізу нәтижелерін аудиторлық ұйымның басшысымен талқылауды жүргізуі тиіс.

1.Талқылау мазмұны мыналарды қамтиды:тексеру барысы;маңызды ескертулер; жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар.

2. Жұмыс тобының есебінде объективті және негізделген тұжырымдар болуы керек.

3.Есеп бір данада жасалады.

4. Комитет сапаға сыртқы бақылау жүргізу нәтижелері бойынша және жұмыс тобының есебі негізінде аудиторлық ұйымға тиісті баға қояды. Аудиторлық ұйымның аудит бойынша қызметін бағалау өлшемі "Аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізудің үлгілік қағидаларын, оның ішінде аудиторлық және кәсіптік ұйымдарды тексеру өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 574 бұйрығында бекітілген қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.


2-кесте

### Аудиторлық ұйымның қызметін бағалау өлшемшарттары

№	Бағалауды тұжырымдау	Баға
1	Аудиторлық ұйымның қызметі аудиттің сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз ету үшін жеткілікті және Халықаралық аудит стандарттарының және Әдеп кодексінің талаптарын сақталуына бағытталған	5
2	Аудиторлық ұйым барлық маңызды аспектілерде Халықаралық аудит стандарттарының және Әдеп кодексінің талаптарын қолданады	4
3	Аудиторлық ұйымға аудиторлық қызметтерді сапалы қамтамасыз ету үшін, анықталған кемшіліктерге байланысты, парасатты ұйымдық реформалар өткізу қажет. Анықталған кемшіліктер Халықаралық аудит стандарттары және Әдеп кодексі талаптарының толық сақталмауы туралы айтуға мүмкіндік береді	3
4	Аудиторлық ұйым Халықаралық аудит стандарттарының және Әдеп кодексінің талаптарын бұзды	2
<b>Ескерту:</b> дереккөзден алынған [4]		



**Нәтижелер.** Жоғарыда көрсетілген бағалау өлшемі және бағаның анықталатын цифрлық баламасының бекітілген үлгісіне сәйкес «Қазақстан аудиторлар одағы» КАҰ-ның соңғы жылдарда аудиторлық ұйымдардың жұмысына жүргізген сапа бақылауының нәтижелерін талдауға болады.



2 - сурет. Аудиторлар Одағының 2020-2022 жылдар аралығында сапа бақылауын жүргізген аудиторлық ұйымдарының саны

2-суреттен Аудиторлар Одағының 2020-жылы 12 ұйымға сапа бақылауын жүргізгенін, ал 2021 жылы 30 ұйымға сапа бақылауын жүргізгенін қарай отырып, бақылауға түскен ұйымдардың саны 1,5%-ға өскенін айта аламыз. Ал 2021 жыл мен 2022 жылда бақылауға түскен аудиторлық ұйымдардың саны бірдей, яғни ауытқу байқалмаған. Айта кетерлік жайт, Аудиторлар Одағы 2023 жылдың қаңтар-ақпан айларында 5 объектіге сапа бақылауын жүргізіп, нәтижелерін интернет-ресурста жариялаған. Келесі кезекте аталған жылдарда жүргізілген сапа бақылауының нәтижелерін қарастырайық.

3-кесте

Аудиторлар Одағының 2020-2022 жылдар аралығында сапа бақылауын жүргізген аудиторлық ұйымдарының бағалау өлшемшарттары бойынша құрамы мен құрылымы

№	Баға	2020 ж		2021 ж		2022 ж	
		саны	Үлесі,%	саны	Үлесі,%	саны	Үлесі,%
1	5	1	8,3	7	23,3	3	10
2	4	11	91,6	23	76,6	27	90
3	3	-	-	-	-	-	-
4	2	-	-	-	-	-	-
Барлығы		12	100	30	100	30	100

**Ескерту:** мәліметтер негізінде авторлармен құрылды [4]

«Қазақстан аудиторлар одағы» КАҰ-ның 2020-2022 жылдары аудиторлық ұйымдарға жүргізген сыртқы сапа бақылауының нәтижелерін зерттей отырып, Қазақстан Республикасындағы аудиторлық ұйымдардың барлығы аудитті жүргізу барысында Халықаралық аудит стандарттарының және Әдеп кодексінің талаптарын дұрыс қолданатынын аңғара аламыз.

Сыртқы бақылаудың тиімді жүйесін құру аудит сапасын, осы жүйелердің ашықтығын, ақпараттылығы мен сенімділігін арттыруға, ақпараттың дұрыс

еместігі туралы тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде аудиторлық қызметтер нарығы мен аудиторлық қызмет субъектілерінің неғұрлым орнықты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Аудит сапасын сыртқы бақылау жүйесінің тұтастығы мен өзара байланысын қамтамасыз ететін және аудит сапасына қойылатын негізгі талаптардың орындалуын түпкілікті бақылауға негізделген аудит сапасын сыртқы бақылауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға әдістемелік тәсілдер қажет.

**Қорытынды.** Қолданыстағы регламенттеуші құжаттар мен әдістемелік ұсынымдар тым жалпы сипатқа ие, ал сапаны сыртқы бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін жүргізілетін аудит пен аудитке ілеспе қызметтердің проблемалары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік беретін егжей-тегжейлі рәсімдер қажет. Басқаша айтқанда, қажетті және тиімді процедуралардың толық кешенін қамтымайтын жалпы ережелер емес, тиімді құрал қажет. Сондай-ақ, аудит жүргізілгеннен кейін, мысалы, сапаны сыртқы бақылаудан бұрын жұмыс құжаттарын құру фактілерін анықтауға мүмкіндік беретін жаңа тәсіл ұсынылады. Мүмкін болатын әдістердің бірі компьютерлік бағдарламада жұмыс құжаттарын құру күндерін тексеру болуы мүмкін. Аудит аяқталғаннан кейін және аудиторлық қорытынды берілгеннен кейін, әсіресе сапаны сыртқы бақылаудан бұрын жұмыс құжаттарын жасау сапасыз аудит жүргізу тәуекелдерінің жоғарылауының маңызды дәлелі бола алады. Сапа бақылаушысын адастыру қаупін азайту үшін аудиторлық тапсырмалары бар басқа файлдарды тексеру үшін сұрау пайдалы болуы мүмкін. Сонымен қатар, әріптестік институтын, сондай-ақ штаттық (мониторинг) және штаттан тыс (бақыланатын сараптамалық бағалау) сапа бақылаушыларының жұмыс сапасына сыртқы бақылауды жүзеге асыруы сияқты жорықтарды енгізу қажет деп санаймыз [5]. Аудит сапасының сыртқы бақылауын жетілдірудің жаңа бағыттары транзакциялық шығындарды, сапаны бақылау жүйелерінің жұмыс істеуіне келтіретін кедергілерді едәуір төмендетуге және бухгалтерлік есептің сыртқы пайдаланушылары қабылдайтын шешімдерге теріс әсер ететін ақпараттың асимметриясын төмендетуге мүмкіндік береді, сайып келгенде, нарықтың тұрақты дамуы мен аудиторлық қызметтер және аудиторлық қызмет субъектілерінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. [6]. Осы ұсыныстарды іске асыру кезінде Қазақстан Республикасында қалыптасқан сапаны сыртқы бақылау жүйесіндегі ақаулар түзеліп, жаңа бағыттар мен рәсімдер арқылы жетілдіріліп, аудиторлық қызметтердің сапасын арттырудың нақты құралына айналатына сенімдіміз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 20.11.1998 ж № 304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304> (қолдану күні: 20.03.2023)
2. Халықаралық аудит стандарттары - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/activities/8790?lang=kk> (қолдану күні: 20.03.2023)
3. Аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізудің үлгілік қағидаларын, оның ішінде аудиторлық және кәсіби ұйымдарды тексеру өлшемшарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 574 бұйрығы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023080> (қолдану күні: 20.03.2023)
4. "Қазақстан Аудиторлар Одағы" КАҰ ресми сайты - URL: [auditkz.kz](http://auditkz.kz) (қолдану күні: 24.03.2023)
5. Сивцова Е.В. Совершенствование внешнего и внутреннего контроля качества аудита - URL: <https://www.dissercat.com/content/sovershenstvovanie-vneshnego-i-vnutrennego-kontrolya-kachestva-audita> (қолдану күні: 24.03.2023)
6. Сафонова М.Ф., Пугачева О.В. Пути совершенствования и развития контроля качества аудита – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-vnutrennego-kontrolya-kachestva-audita-problemy-i-resheniya> (қолдану күні: 24.03.2023)

## МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

*Хамзина А.Ж.*

«Мемлекеттік аудит» БББ 1 курс магистранты, Л.Н.Гумилев  
атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [anelhamzina01@gmail.com](mailto:anelhamzina01@gmail.com)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мемлекеттік аудит органдарының тәжірибесінде қаржылық есептілік аудитін жүзеге асырудың перспективаларын анықтау үшін халықаралық тәжірибеде қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыру ерекшеліктері қарастырылған. Автор әр түрлі елдердің қаржылық есептілік аудитін жүргізуіне шолу жасап, еліміздің мемлекеттік аудит органдарының тәжірибесіне енгізуге болатын ұтымды жақтары анықтады. Әлемнің жекелеген елдерінің қаржылық есептілік аудитінің жүргізілуін ұйымдастыру мен бақылау шаралары нысандарына шолу ҚР қаржылық есептілік аудитін тез реформалау және мемлекеттік қаржылық аудит институтын құру қажеттілігі мен мүмкіндігін дәлелдейді. Яғни мақалада шет елдердің қаржылық есептілік аудитін